

**«№36 жалпы білім беретін мектеп» КММ**  
**ХАТТАМА № 2**

Педагогтердің бос және уақытша бос лауазымына орналасу және оларды тағайындау конкурсының отырысының хаттамасы

**2022 жылғы 08 қыркүйек**

**Қатысушылар:** комиссия төрағасы - А.М.Зайткешова, директордың оқу тәрбие орынбасары, комиссия мүшелері - Г.М.Оразова, директордың тәрбие орынбасары А.А.Куанбаева, тарих пәні мұғалімі Қ.Ф.Сарсекеев.

**Қатыспады:** 1

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогтердің уақытша бос және бос лауазымына тағайындау конкурсының қорытындыларын талқылау және қарау:
  - Математика пән мұғалімдері - 1 бос орын;

**Тыңдалды:**

**1. Конкурс комиссиясының төрағасы А.М.Зайткешова,**  
«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен қысқаша таныстырып өтті. Осы бұйрық негізінде конкурс бойынша мектептің Интернет-ресурсында, «№36 ЖББМ» КММ-де әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында және мектеп сайтының «Хабарландырулар» бөлімінде бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылғанын ескертті. Комиссия мүшелеріне жоғарыдағы нормативтік құжатқа сай конкурс талаптарын тағы бір айта отырып, отырыстың бейнежазбамен сүйемелденетін еске салды. Кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарап, бағалауды ұсынды. Әрбір үміткердің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларының» 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағын толтырғанын, комиссия мүшелерінің тапсырған құжаттары арқылы қойылған ұпайдың сәйкестігін анықтау қажеттігін атап өтті.

Конкурс комиссиясының хатшысы, Ж.Т.Балмағанбетова комиссия мүшелеріне «№36 ЖББМ» КММ-де педагогтердің бос және уақытша бос лауазымдарына үміткерлердің құжаттар тізіміне сәйкес 1 жеке ісін тапсырды.

Ол:

- Математика пәні мұғалімі лауазымына үміткер – Уәлихан Кәделі Уәлиханқызы;

**2.Конкурс комиссиясының мүшесі Қ.Ф.Сарсекеев:**

Математика пәні мұғалімі лауазымына 1 кандидат конкурсқа түскенін атап өтті, сондықтан осы кандидаттың құжаттарын талапқа сәйкестігін қарап шығуды ұсынды.

**3. Конкурс комиссиясының мүшесі Оразова Г.М. сөз алды:**

Математика пәні мұғалімінің бос лауазымына биылғы жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін аяқтаған жас маман келіп отыр. Бұл маман " Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құжаттың 11-қосымшасында көрсетілген талаптарға сай 15 балл жинап отырғанын атап өтті. Жас маман жоғары оқу орынын үздік дипломға аяқтаған, педагогикалық іс-тәжірибесі жоғары бағаланғанын ескертті. Сондай-ақ бұл лауазымға басқа үміткер болмағандықтан қойылған балл бойынша педагог қызметкерді жұмысқа қабылдау комиссия отырысының қорытындысы бойынша бос вәқансиядағы орынға тағайындауға ұсынылған кандидат болып: Уәлихан Кәделі Уәлиханқызы танылсын.

**Шешім:**

1. Мектеп директоры Ж.Ж.Ракишеваға педагогтың бос лауазымына тағайындауға төмендегі кандидат ұсынылсын:
  - Математика пәні мұғалімі лауазымына – Уәлихан Кәделі Уәлиханқызы.
2. Конкурс нәтижесі мектептің интернет ресурстарында, ресми әлеуметтік парақшаларда жариялансын.

**Комиссия төрағасы:**

 А.М.Зайткешова

**Комиссия мүшелері:**

 А.М.Оразова

 А.А.Куанбаева

 К.Г.Сарсекеев

**Хатшы:**

 Ж.Т.Балмаганбетова